

№ исх: 710 от: 13.02.2017

**Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының әкімдігі мен М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің арасындағы өзара әлеуметтік қарым-
қатынас және ынтымақтастық жөніндегі
МЕМОРАНДУМ**

Орал қаласы

«13» 04 2017 ж.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті атынан (бұдан әрі Университет) жарғы негізінде әрекет ететін **Иманғалиев Асхат Сәлімұлы** бір жағынан Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы әкімдігі атынан (бұдан әрі - Әкімдік), Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148-ІІ Заңы негізінде әрекет ететін әкімі **Жоламанов Әділ Тауфиқұлы** екінші жағынан, бұдан әрі тараптар деп аталатын, білім, ғылым және өндіріс интеграциясы аясында ұзақ мерзімді серіктестікті бекіту, кеңейту мақсатында осы Меморандум бойынша келісім жасалды.

Осы меморандум Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңы мен Конституциясы негізінде дайындалған, сонымен қатар қол қойған Тараптардың әрқайсысы Меморандумда бекітілген міндеттерді өз өкілеттері шеңберінде жауапкершілікке алады.

Білім, ғылым және өндіріс интеграциясын оқу ғылыми өндірістік кешенге біріктіру аясында Тараптар арасындағы әлеуметтік серіктестіктің әлеуетін мақұлдай отырып, Тараптар Батыс Қазақстан облысының еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау және Қазақстан өркендеуіне үлес қосатын мемлекеттік бағдарламаларды, соның ішінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасын орындауға жағдай жасау керектігін растайды.

Тараптар облыста маркетингтік зерттеулердің, мемлекеттің және жұмыс берушілердің мамандарға деген сұраныс мәселесінің зерттелуі аз жүргізілетінін анықтап отыр. Орта білім беру жүйесінде және университеттердің білім беру бағдарламаларында тәжірибе жүзінде енгізіліп жатқан шығармашылық ойлар мен инновациялардың бірігуіне қажеттілік болып отыр.

Тараптар серіктестігінің негізгі мақсаттары:

1. Әкімшілік жұмыс берушілермен келісімшарт жасауда бітіруші түлектерді ауылдық мектептерден өндірістік сараманнан өткізіп, сол мектептерде жұмысқа орналасуына септігін тигізу.

2. Тараптар дөңгелек үстелдерге, семинарларға, бәсекеге қабілетті жас мамандардың кәсіби дайындығын ұйымдастыру деңгейін арттыруға байланысты және түлектерді тарату кездесулеріне бірлесіп қатысу.

3. Университет аудандық білім бөлімімен біріге отырып аудан мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік көмек көрсету және түлектерге даярлық курстар ұйымдастыру мақсатында №1 жалпы орта білім беретін мектебі және М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі базасында тірек мектептер құрады.

4. Тараптар бірігіп бәсекеге қабілетті жас мамандардың өнеркәсіп талаптарына сәйкес, облыс мекемелері мен ұйымдарының кадрларға деген сұранысын зерттеу мен талдауды бірлесіп өткізу.

5. Тараптар дуалды оқыту (жоғары білім жүйесіне енгізу), кәсіптік практика ұйымдарында біліктілікті арттыруды оқыту сияқты салаларда өзара ақпараттар алмасады.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық шаралар өткізу, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мен кәсіби оқытудың мүмкіндіктері туралы ақпарат дайындау және баспа құралдарында жариялауға жәрдемдесу.

7. Әкімшілік мүмкіндігіне қарай ауыл мектептерінің ең үздік түлектерінің үздіктеріне педагогика мамандықтары бойынша білім беру грант мәселесін қарастырады.

8. Тараптар өз сайтында (егер болса) әлеуметтік серіктестік сараманы мен аталмыш Меморандум туралы ақпараттарды орналастырады.

9. Әкімшілік жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетіп жаңа жұмыс орындарына үйренуіне жағдай жасайды.

Тараптардың міндеттері:

1. Меморандум тараптары келісілген шарттың талаптарын сақтай отырып, бір-бірімен қызмет барысында сыйластық танытып, әр тараптың өзара қарым-қатынасын бекітуге жәрдемдесу.
2. Меморандумға енгізілген нормативтік актілер мәселелері және басқа да облыс жастарының білімге деген қызығушылығына әсер ететін әлеуметтік – экономикалық мәселелер бойынша шешім қабылдауда бір-біріне ресми түрде ақпарат беріп отырады.
3. Аталған меморандумға енгізілмеген, бірақ өзара қызығушылық танытатын кейбір мәселелерді шешуде тараптарға мүмкіндік беру.
4. Меморандум саясатын жүзеге асыру барысында педагог кадрлардың сапалы даярлығына және әрі қарай ауылда жұмысқа орналасуына ықпал ету.
5. Білім беруді дамытудағы мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларына жас мамандардың белсенді қатысуы.

Меморандумның әрекет ету мерзімі, өзгертілуі мен толықтырылуы:


1. Меморандум әкімшілік пен университет арасындағы серіктестік саласындағы келісім-шарт жасаудың негізі болып табылады. Ол екі жақты тараптың міндеттері үшінші тараптың келісімдеріне (келісім-шарт) әсер етпейді, үшінші жақпен жасалған міндеттерді жүзеге асыруға ешқандай кері әсерін тигізбейді.
 2. Меморандум екі тараптың өзара келісімі бойынша жазбаша хаттамалар толтыру арқылы өзгертіліп толықтырылуы мүмкін, Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптар өкілдерінің қолдары қойылуымен жүзеге асырылады. Меморандум ережесін өзгерту өткізілетін іс шаралардың жүзеге асуына әсерін тигізеді.
 3. Меморандум екі тараптың қолы қойылғаннан кейін ғана шектеусіз мерзімге күшіне енеді және тараптың біреуі қарсылық білдірген жағдайда жазбаша түрде басқа тараптарға, 6 айдан кешіктірмей хабарланғанынша әрекет етеді.
 4. Тараптар арасындағы келісім бойынша туындаған даулар өзара кеңесу арқылы шешіледі.
- Меморандум «13» 04 2017 жылы заңды күші екеуінде де бірдей болатын, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада жасалады.

Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Батыс Қазақстан облысы
Ақжайық ауданының әкімдігі

090100, Қазақстан Республикасы,
БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев
ауылы, Қонаев көшесі 70
тел: +7(71136)91093
факс: +7(71136)92320


e-mail: Akimatzhaik@inbox.ru
www.akzhaik-bko.gov.kz
БҚО, Ақжайық ауданының
әкімі Ә.Т. Жоламанов


(қолы)
«13» 04 2017 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігінің Шаруашылық
жүргізу құқығындағы М.Өтемісов
атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
090000, Қазақстан Республикасы, БҚО,
Орал қаласы, Достық даңғылы 162

тел: +7(7112)512632, 513782
факс: +7(7112)514266

e-mail: zapkazgu@mail.ru
www.wksu.kz
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің ректоры
п.ғ.д., академик А.С. Иманғалиев


(қолы)
«13» 04 2017 ж.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы әкімдігінің арасындағы жасалған өзара ынтымақтастық туралы меморандум бойынша ұсынылатын іс-шаралар

№	Жүргізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Аудандарға қажетті педагог мамандар үшін университет мамандықтарына сәйкес ақпараттық мәліметтер базасын жасау және ұсыну.	қаңтар, ақпан (жыл бойы)	Аудан әкімдігі, аудандық білім беру бөлімі
2.	Аудандық білім беру бөлімдерінің БҚМУ-дың түлектерді таратуы мен бос орындар жәрмеңкесіне қатысуы.	наурыз (жыл сайын)	Аудан әкімдігі, БҚМУ мансап орталығы
3	Мектеп оқушыларына Ұлттық бірыңғай тестілеуді және мектепті бұрын бітірген жастарды кешенді тестілеуге дайындау жөнінде бірлескен шараларды тегін ұйымдастыру: - университет базасында арнайы даярлық курстарын көктемгі және жазғы демалыс кезінде тегін жүргізу; - ауданның тірек мектептерінде арнайы кесте бойынша сабақтар өткізу; - тестілермен жұмысқа қосымша мұғалімдерді тегін даярлау.	жыл бойы жоспар және кесте бойынша	БҚМУ, аудан әкімдігі, аудандық білім беру бөлімі
4.	Педагогикалық және мәдени мамандықтар бойынша аудандық мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруға жағдай туғызу	жыл бойы	БҚМУ, аудандық білім беру бөлімі
5.	Университетте өткізілетін ғылыми – практикалық конференцияларға, жобалар сайысына аудан мұғалімдері мен оқушылардың бірлескен баяндамаларын, мақалаларын ұсыну, жариялау қатысуға мүмкіндік туғызу.	жоспар бойынша	БҚМУ, аудандық білім беру бөлімі
6.	Университет студенттеріне аудан, ауыл мектептерінде және мәдени мекемелерде келісім-шарт арқылы белгілі мамандықтар бойынша педагогикалық және өндірістік сараманнан өткізуді ұйымдастыру. Аудан мектептерінің арасынан базалық тірек мектептерін анықтау. Базалық №1 жалпы орта білім беретін мектебі және М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі орталықтарында университет пен аудандық мектептердің ғылыми-әдістемелік ынтымақтастығын құру.	жоспар бойынша	БҚМУ, аудан әкімдігі, аудандық білім беру бөлімі
7.	Ауданда базалық №1 жалпы орта білім беретін мектебі және М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде әдістемелік семинар, дөңгелек үстелдер, мастер-класстар ұйымдастыру.	жоспар бойынша	БҚМУ, аудандық білім беру бөлімі
8.	Университеттен жолданған педагог және мәдениет мамандарын ауылдық жерлерге орналастыру, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етуді және коммуналдық жеңілдіктер беруді қарастыру.	шілде-қыркүйек	Аудан әкімдігі, аудандық білім беру және мәдениет бөлімі
9.	Ауыл мектептерін бітірген дарынды жастарға аудан әкімі стипендияларын және ауданнан шыққан белгілі тұлғалар атындағы атаулы стипендиялар тағайындауды қолға алу.	маусым-тамыз	Аудан әкімдігі
10.	Ауыл мектептерін бітірген жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және отбасы жағдайы төмен отбасыларынан шыққан жастарға аудан кәсіпкерлері тарапынан гранттық қолдау көрсету.	маусым-тамыз	Аудан әкімдігі


11.	Ауданда университет күндерін ұйымдастыру, оның бағдарламасында жұмыс берушілер форумы, университет мамандықтары туралы ашық есік күндері мен көрмелер, концерттік кештер ұйымдастыру.	жоспар бойынша	БҚМУ, аудан әкімдігі
-----	---	----------------	----------------------

Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Батыс Қазақстан облысы
Ақжайық ауданының әкімдігі

090100, Қазақстан Республикасы,
БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев
ауылы, Қонаев көшесі 70
тел: +7(71136)91093
факс: +7(71136)92320


e-mail: Akimatzhaik@inbox.ru
www.akzhaik-bko.gov.kz
БҚО, Ақжайық ауданының
әкімі Ә.Т. Жоламанов


(қолы)
« 13 » 04 2017 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Шаруашылық жүргізу құқығындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті республикалық мемлекеттік кәсіпорны
090000, Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қаласы, Достық даңғылы 162

тел: +7(7112)512632, 513782
факс: +7(7112)514266

e-mail: zapkazgu@mail.ru
www.wksu.kz
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, п.ғ.д., академик А.С. Иманғалиев


(қолы)
« 13 » 04 2017 ж.